

"Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі дамыту шаралары туралы"
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 720
Жарлығына ТҮСІНДІРМЕ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің Түсіндірмесі

**"Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі дамыту шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 720 Жарлығына
ТҮСІНДІРМЕ**

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітті және Құқық қорғау органдарының кадр саясатының тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) макұлдады.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету арқылы құқықтық тәртіп органдарына деген сенім деңгейін арттыру.

Бағдарлама құқық қорғау саласында мемлекеттік қызмет түрлерін кеңейтіп, стандарттауды, сонымен қатар, олардың сапасын арттыру шараларын қамтыған.

Құқықтық тәртіп органдарының халықпен, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылдарының жаңа түрлері дамитын болады.

Құқық қорғау қызметінің құқықтық және ұйымдық негіздерін жетілдіру, оның ішінде қылмыстық қуғындау органдарының жұмысын бағалаудың жаңа критерийлерін әзірлеу көзделген.

Сот актілерін мәжбүрлеп орындаудың тиімді жүйесін құру және сот-сараптама қызметтерін бір органға шоғырландыру белгіленген.

Тұжырымдаманы әзірлеудің мақсаты құқық қорғау органдарының кәсіби кадр құрамын қалыптастыру, оның ішінде:

- адам ресурстарына қажеттілікті жоспарлауды;
- кадрларды іріктеуді, аттестаттауды және орналастыруды;
- кадрлық әлеуетті кәсіби дамытуды;
- ұйымдық-штаттық құрылымдарды оңтайланудыруды;

тәрбие жұмысын және қызметкерлерді ынталандыруды көздейтін жүйелі шараларды әзірлеу болып табылады.

Тұжырымдаманы іске асыру құқық қорғау органдарының кәсіби ресурстарын жақсартуға, қызметтің имиджі мен беделін арттыруға, жеке құрам арасындағы тәртіп пен заңдылықтың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыруды екі кезеңде: бірінші – 2014-2016 жылдары, екінші – 2017-2020 жылдары жүзеге асыру жоспарланған,

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын қабылдайды.

Бағдарламаның іске асырылуы "Қазақстан-2050" Стратегиясының мақсаттарына және жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға сай құқық қорғау жүйесін қалыптастыру процесін аяқтауға мүмкіндік береді.

*Казакстан
Президенті
Құқық қорғау жүйесі бөлімі*

Казакстан

Республикасы

Әкімшілігінің

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК